

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 наурыздағы N 231 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 6 мамыр N 681. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.29. N 594 қаулысымен ~ P020594

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың жұмысын жандандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 наурыздағы N 231 P980231_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 8, 56-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасындағы:

шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың қазақстандық бөлігіндегі тең төрағалары құрамына:

сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-словак комиссиясы және сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-чех комиссиясы құрамына Әбіқаев Нұртай Әбіқайұлы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-министрі;

сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-тайланд бірлескен комиссиясы және сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-фин комиссиясы құрамына Әбдірахманов Қайрат Құдайбергенұлы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі;

сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк комиссиясы құрамына Нефедов Петр Петрович - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі енгізілсін;

сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-палестина комиссиясы және бірлескен қазақстан-ливия комиссиясы құрамына Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-вьетнам бірлескен комиссиясы құрамына Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі енгізілсін;

Ахметов Әділ Құрманжанұлы, Әбілғазин Данияр Рүстемұлы және Досаев

Ерболат Асқарбекұлы аталған құрамнан шығарылсын;

Мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-әмірат бірлескен комиссиясы Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы - Қазақстан Республикасының Экономика министрі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.